

Дархан АХМЕД-ЗАКИ:

# Президент реформасы жоғары білімге тың серпін береді

*Білім мен ғылым мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айқындауда үлкен маңызға ие. Сондықтан еліміз осы салаға айрықша көңіл бөліп отыр. Кейінгі жылдары Мемлекет басшысының бастамасымен осы бағытта кеңесті реформалар жүзеге асып жатыр. Мұстар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің басқарма төрағасы-ректоры Дархан Ахмед-Закимен ғылым, жоғары білім саласының дамуы жөнінде әңгіме өрбіттік.*

– Дархан Жұмақанұлы, қазір университетте білім берумен қатар тұлғалық дамуға ықпал ететін қандай жүйелі өзгерістер жүзеге асып жатыр? Жалпы, жоғары оқу орындары қолданбалы дағдыларды меңгерту мен жүйелі ойлауды қалыптастырудың қайсысын көбірек назарға алуға тиіс?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында: «Еліміз білім экономикасына көшіп жатыр. Сондықтан ғылым, білім және инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстыру өте маңызды» деді. Президент айтқандай, жоғары білімнің стратегиялық мақсаты – бүгінгі заманға бейімделген, қазіргі сынақтарға төтеп бере алатын сапалы ұрпақ қалыптастыру. Сонымен қатар ғылым мен жоғары білім еліміздің әрі қарайғы серпілісінің қозғаушы күшіне айналуы керек.

Ұлы Абай айтқан «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстайтын» білімді буынды қалыптастыру игілікті іс болмақ. Бұл сөзсіз университеттердің негізгі миссиясы. Отандық жоғары оқу орындарын – «келешектің фабрикасы» деуге болады. Университетте оқумен қоса зерттеу жұмыстарына, жастардың әлеуметтік дамуына көп көңіл бөлінеді.

Ең бастысы, жастарға зерт-

кіреді және әлемнің түкпір-түкпірінен келген мыңдаған студентті қабылдайды.

Arizona State University-дің Әуезов университетінде филиалын ашу Қазақстан Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары білім берудегі халықаралық ынтымақтастық пен академиялық озмықтық арттыру бастамасы аясында іске асып жатыр. Екі жоғары оқу орны арасындағы әріптестік осы жылдың сәуір айында университеттік делегацияның Аризонаға ресми сапары кезінде өзара меморандумға қол қоюдан басталды. Бұл ынтымақтастық жаһандық академиялық әріптестікті кеңейте түседі. Меніңше, еліміздің білім беру жүйесіндегі инновацияны дамытудың маңызды қадамы саналады.

– Бүгінде елімізде 35 мыңнан астам шетелдік студент білім алып жатыр. 2029 жылға қарай олардың саны 100 мыңға жетпек. Бұл студенттер оқуын аяқтағаннан кейін ел экономикасының дамуына, Қазақстанның халықаралық деңгейдегі орнығуына қандай септігін тигізе алады?

– Бұл да соңғы жылдардағы Қазақстанды толыққанды білім орталығы етудің әрі шетел студенттері үшін тартымды хабқа айналдыру бағытындағы жүйелі трансформацияның көрінісі.

Осы күнде отандық білімнің экспорттық әлеуеті де артып келеді. Мәселен, соңғы үш



бағдарламалары білімге қолжетімділікті арттыра түскені белгілі. Осы тұрғыдан келгенде мемлекет жастарды оқу туды «біржолғы әлеуметтік көмектен» қоғамға ортақ жауапкершілікті жүктейтін тәсілге ауысып жатыр деп айтуға бола ма?

– Президент өз Жолдауында: «Ғылым-білімге ұмтылған, елін-жерін көркейтуді ойлаған жастарға әрдайым жан-жақты қолдау көрсете береміз. Біз қолға алған ауқымды жұмыстың бәрі жастардың жарқын болашағы үшін жасалып жатыр. Өскелең ұрпақ ертең соның игілігін көреді, оны еселеп, лайықты жалғастырады» деген еді. Осы ретте Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында төрт негізгі құрал енгізілді. Ол – «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы, «Келешек» бірінші жинақтау жүйесі, сараланған гранттар мен арзан білім несиесі бастамалары.

Мәселен, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша әр бала мемлекеттен инвестициялық кірістің 50 пайызын алады. Ал «Келешек» жүйесінде – мемлекет бастапқы жарна ретінде 60

мен жоғары технологияның уақыты. Бүгінде кез келген елдің әлемдегі орны ғылымның даму деңгейіне қарай анықталады. Экономикалық өсім ғылымға тікелей байланысты, бұл – аксиома» деп маңызды мәселеге мән берген еді.

Сондықтан бұл күнде Ғылым дамуының жаңа дәуірі басталды. Тиісті министрлік құрылғаны бері Мемлекет басшысы ғылымның экономикалық тиімділігін арттыру және оны инновациямен байланыстыру, жақындастыру міндетін қойды.

2022 жылы Ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында Президент ғылым саласын жаңа деңгейге шығаратын бірқатар нақты тапсырмалар берді. Бұл тапсырмалар министрліктің бағдарламалық құжатына айналды. 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылым дамуының тұжырымдамасының негізі болып қалыптасты. Сондай-ақ елімізде «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды. Оған қоса, соңғы жылдары ғылымды қаржыландыру 3,3 есеге өсті. Бұл 809 ғалымды әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына

материалдарының прекурсорларын алу технологиясын меңгерді. Сол арқылы өндіріс әлеуеті 40 млрд АҚШ долларына дейін өсті.

Бүгінгі таңда 267 ғылыми жоба жүзеге асырылу кезеңінде тұр. Биыл ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру бойынша 62 жаңа келісімшарт жасалды. Ғылымға жеке инвестициялар көлемі 20,4 млрд теңгеге жетті, қосымша тағы 8,8 млрд теңге инвестиция тартылады деп күтіліп отыр. Жобаларды аяқтауға жеке қаржыландыру үлесі 32 пайызға дейін өседі деген жоспар бар.

– Жасанды интеллект барлық салаға өзгеріс әкелді. Оның ішінде жоғары білім жүйесі де бар. Сіздің ойыңызша, еліміз бұл өзгеріске дайын ба? Бұл бағытта қандай жұмыстар қолға алынып жатыр?

– Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғырту қажеттігін Мемлекет басшысы атап тапсырды. Осыған сай қазір азаматтарды цифрлық даму дағдыларына оқыту жұмыстары басталды. Яғни біз ұлттық жасанды интеллект сынақерлеріне саналы түрде дайындап жатырмыз. Осының аясында Президент әлемнің жетекші университеттерінің акселерация тәжірибесін ескере отырып, жасанды интеллект саласындағы мамандарды даярлау үшін «AI-Sana» бағдарламасын кезең-кезеңімен іске асыру мәселесін пысықтауды тапсырды.

«AI-Sana» бағдарламасы қазірдің өзінде 600 мыңдай студентті қамтыса, «AI Literacy» курсы жоғары білім берудің базалық стандартына айналды. Біздің түлектеріміз еңбек нарығына жай ғана дипломмен емес, экономиканың болашағы

университеттің рөліне қатысты біліктіліктерін арттырды.

Әрине, жасанды интеллектті дамыту үшін сапалы мамандарды даярлау маңызды. Неге десеміздер, біріншіден «Ақпараттық технологиялар және энергетика» жоғары мектебінде жасанды интеллект, деректер ғылымы, машиналық оқыту, үлкен деректерді өңдеу бойынша арнайы пәндер енгізілді. Сонымен қатар «6B06121 – Жасанды интеллект технологиялары» атты жаңа білім беру бағдарламасы негізінде студенттер қабылданды.

Екіншіден, университет базасындағы зертханаларда бейнені тану, табиғи тілді өңдеу, интеллектуалды роботтехника пәндері бойынша зерттеулер жүргізіліп, қанатқақты бастамалар қолға алынды.

Үшіншіден, университет халықаралық серіктестермен байланыс орнатып, ЖИ саласында бірлескен жобалар жүзеге асыруға кірісті. Студенттер «Coursera», «edX», «Kaggle» секілді платформалар арқылы әлемдік деңгейдегі білім көздеріне қол жеткізіп, халықаралық байқауларға қатысып жүр. Жалпы, бағдарлама кезең-кезеңімен іске асады. Бұл жерде базалық дағдылардан бастап, стартаптар құруға дейінгі мүмкіндіктері қамтылады. Жоба салалық міндеттерді орындауға, сондай-ақ аграрлық, энергетикалық және инженерлік бағыттардағы нақты проблемаларды ЖИ көмегімен шешуге бағытталған.

– Әлеуметтік қамтамасыз ету мәселесінде жас ғалымдар қандай қолдауға үміт артады? Мәселен, Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылымды дамытудың қандай тетігі мен механизмін ұсынып отыр?

– Қазір елімізде жастардың

Ең бастысы, жастарға зерттеу әдістерін көп үйрету керек деп санаймын. Өйткені алған білімді дұрыс пайдаланып, күнделікті келген ақпаратты өңдеп, өзіне керекті жаңаша шешімге қол жеткізу үшін адамда аналитикалық ойлау қабілеті мықты болуы қажет. Біздің университет осы бағытта «ROS – research oriented study» методологиясын пайдаланады. Яғни студент әр пән шеңберінде зерттеу әдістерін меңгеріп, нақты қолданып көреді.

– Елімізде бірнеше жетекші шетелдік университеттің филиалы ашылды. Сіздің ойыңызша, бұл өзгеріс ұлттық білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырта ала ма? Әлде тек шектеуді студенттер тобына арналған элиталық оқу орны сияқты бола ма?

– Қазір Президент тапсырмасына сай елімізде жетекші шетелдік университеттердің 33 филиалы ашылып, қарқынды жұмыс істеп келеді. Тек осы жылдың өзінде «Cardiff», «Coventry», «Woosong» және «Anhalt» университеттерін қосқанда 9 жаңа кампус пайдалануға берілді. Мұндай реформа таланттарды сыртқа жібермеудің бір амалы, сондай-ақ бәсекеге қабілетті адам капиталын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Әрі жас ұрпаққа шетелге шықпай-ақ білімнің жаһандық стандарттарына қол жеткізуге жағдай жасайды. Сөзіміздің дәлелі, биыл сәуірде Arizona State University (АҚШ) университетімен біздің оқу ордамыз стратегиялық серіктестік жөніндегі меморандумға қол қойды.

Arizona State University (ASU) – АҚШ-тағы ең ірі және беделді жоғары оқу орындарының бірі. Университет Аризона штатының Темпе қаласында орналасқан және 1885 жылы негізі қаланған. ASU инновацияларға, зерттеулерге және студенттердің жан-жақты дамуына үлкен көңіл бөледі. Оқу ордасы АҚШ-тағы ең үздік оқу орындарының қатарына

келеді. Мәселен, соңғы үш жыл ішінде шетелде еліміздің 5 университетінің филиалы ашылды. Оның бірі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Омбы қаласындағы филиалы. Қырғызстандағы Ош мемлекеттік университеті базасында Д.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филиалы ашылды. Одан бөлек, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстанда бірлескен факультеттер мен бағдарламалар іске қосылған.

Осынау маңызды жоспарды орындауда жоғары оқу орындарымыздың әлемдік рейтингтегі беделі айқын көмек беріп жатыр. Мәселен, еліміздің 20 университеті «QS World University Rankings 2026» және «Times Higher Education 2026» рейтингтеріне енгені біз үшін үлкен мақтанш.

Сондай-ақ Әуезов университетінде қазір алыс-жақын мемлекеттерді қоса алғанда, жалпы саны 1 706 шетелдік студент білім алып жатыр. Олардың басым көпшілігі Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей, Түркия елдерінен келгендер. Бұл – біздің жаһандық білім нарығындағы сұранысқа ие екенімізді дәлелдейтін көрсеткіші.

Сондай-ақ Әуезов университетінің Шыршық қаласындағы филиалы табысты жұмыс істеп келеді. Филиалды ашу Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың күрделенуіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Бауырлас көсел президенттері кездесуі нәтижесінде Үкімет басшыларының 2023 жылғы 5 мамырдағы екіжақты ынтымақтастық жөніндегі 20-шы бірлескен үкіметаралық комиссиясы отырысында келісім жасалып, ол бүгінде орындалу үстінде. Филиалда техникалық, IT-технологиялар, химия және тамақ өнеркәсібі кадрлары даярланады.

– Кейінгі жылдары жүзеге асқан «Ұлттық қор – балаларға» және «Келешек»

декет бастапқы жарна ретінде 60 АБК мөлшерін қамтамасыз етеді, банктер табыстылықты кемінде 8 пайыз деңгейінде кепілдейді, мемлекеттік сыйақы 7 пайызға дейін жетеді. Жүйеге 6 жастан 18 жасқа дейін қатысқан жағдайда 5 миллион теңгеден астам қаржы жинақтауға мүмкіндік бар. Оған қоса, Ұлттық қордан бөлінетін қаражат та есепке алынады. Бұл қаржылық ресурстар, кейін колледж немесе университетте оқуға пайдаланылады. Қазір шамамен 133,9 мың шот ашылған. Жиналған қаражат жоғары білім алуға ғана емес, тұрғын үй жағдайын жақсартуға да жұмсалыуы мүмкін.

Қажет болған жағдайда арзан несие немесе сараланған грант қарастырылған. Мұнда мемлекет шығыстың бір бөлігін өтейді, ал студент толық, яғни, 100 пайыз стипендия алады. Биыл жоғары білімге жауапты министрліктен 300 осындай грант бөлінді. Президент қолдауымен жаңа модель қалыптасты. Ол мемлекет пен ата-ана білімге бірлесіп инвестиция салады деген сөз. Нәтижесінде, жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік артады. Ата-ана әр баланың болашағын жоспарлай алады.

– Президент ғылым мен экономиканы өзара сабақтастырудың маңызы жөнінде көп айтады. Бүгінгі таңда ғылыми әзірлемелерді коммерциализация жолында қандай кедергі бар? Оларды еңсеру бағытында қандай іс-шара атқарылып жатыр?

– Мемлекет басшысы биылғы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес отырысында сөйлеген сөзінде: «Дамыған елдер ғылымға да, технологияға да баса мән беріп жатыр. Заманның беталысын баршаңыз көріп отырсыздар. Жаһандық геосаяси ахуал тұрақсыз, құбылмалы, сынқатерлер аз емес. Бірақ қытай халқының белгілі пайымдауына сенсек, дағдарыс кезінде жаңа мүмкіндіктер туады. Қазір – инвестицияның, ғылым

текші ғылыми орталықтарына тағлымдамаға жіберуге және материалдық-техникалық базаны кең көлемде жаңартуға мүмкіндік берді.

Бір ғана мысал, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті 2025–2027 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерциализация мақсатында гранттық қаржы алу үшін «Ғылым қорының» конкурсына 8 жоба ұсынды. Сөйтіп, 2 жобаның грантын ұтып алдық. Оның бірі – «Агроөнеркәсіптік кешені. АӨК өнімдерін қайта өңдеу жобасы». Жоба жетекшісі техника ғылымдарының кандидаты Б.Қалымбетов. Грант құны 479 миллион теңгені құрайды. Екіншісі – «Топырақтың құнарлылығын жақсартатын және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыратын ауыл шаруашылығы техникасын, техникалық құралдарды өндіруді ұйымдастыру жобасы». Оның авторы, техника ғылымдарының кандидаты Н.Манабаев. 437 миллион теңге көлемінде грант ұтып алған.

– Ғылымды коммерциализация және оның экономиканы дамытуға қосатын үлесі туралы көп айтылып жүр. Отандық ғалымдар әзірлеген табысты кейстер бар ма?

– Әлбетте, ғылым өзінің экономикалық әлеуетін көрсетіп отыр. Біз теориялық зерттеулерден нақты коммерциализацияға өтіп жатырмыз. Нақты нәтижелерге келсек, мәселен, металлургия және кен байыту институты технологиясы бойынша алғаш рет 99,5 пайыз тазалықтағы техникалық селен алынды. 100 тоннадан астам тазартылған селен Қытай Халық Республикасына экспортталды. «Қазгидромедь» ЖШС базасында «Kazakhstan R&D» орталығы іске қосылды. Аризона мен Қозыбаев университеттері бірлесіп жоғары қосымша құнға ие күкірт өңдеу технологияларын әзірлеу үстінде. NU ғалымдары отандық шикізаттан литий-ион аккумуляторларының катодтық

емес, экономиканың болашағы үшін аса маңызды саналатын цифрлық ортада жұмыс істеудің қолданбалы дағдыларын меңгеріп шығады.

Бағдарлама шеңберінде «Huawei» компаниясы ЖИ базалық дағдылары бойынша екі курсты оқшаулап, қазақ тіліне аударды. Ол «Search and AI» курсы мен «Жасанды интеллектіге шолу – AI Overview» деп аталады. Бағдарламаның бірінші кезеңінде «Huawei ICT Academy» курстары орнығып енгізілді. Нәтижесінде, бұл олар бойынша 240 мыңнан астам сертификат берілді.

«Coursera» компаниясы 95 жоғары оқу орнына 36 890 лицензия бөлді. Coursera білім беру платформасында студенттерге барлық курстар қолжетімді. Оның ішінде жасанды интеллект бойынша сарапшылары іріктеп алған 2 курс бар. Ол «Баршаға арналған генеративті ЖИ» мен «ChatGPT үшін prompt-инжиниринг» курстары. Соның негізінде 87 мыңдай сертификат алынды.

Сондай-ақ Мұхтар Әуезов университетінде «AiSana Huawei» бойынша жалпы 21 194 студент сертификатқа ие болса, «Coursera»-мен 2 882 білім алушы сертификатқа қол жеткізді. Бұл бағытта университетімізде бір-қатар табысты жұмыстар атқарылу үстінде. Дәлірек айтқанда, Әуезов университеті AI технологиялар негізінде трансформациялауды бастады. Жасанды интеллектіні оқыту, ғылымға енгізуге бағытталған жобаларды «Білім берудегі жасанды интеллектіні дамыту қоғамы» РҚБ-мен бірлесіп жүзеге асырудамыз. Осы жұмыстар аясында жақында «Басқарылатын цифрдандыру және өзгерістерге жүйелі көзқарас» тақырыбында екі күндік стратегиялық сессия өтті. Іс-шараға университеттің басшылық құрамы, факультет және жоғары мектеп декандары, құрылымдық бөлім басшылары қатысып, «AI-first» қағидаты мен цифрлық дәуірдегі

– Қазір елімізде жастардың ғылыммен айналысуына барынша жағдай жасау ісі жан-жақты атқарылып жатыр. Осы орайда 2024–2025 жылдары алғаш рет 576 жас ғалымға пәтер кілті табысталды. 482 пәтер «Отбасы банкі» арқылы, 94 пәтер Президент тапсырмасымен берілді. Біздің университеттің жас ғалымдары да мемлекет қолдауын айқын сезінді. 16 жас ғалым мемлекеттік бағдарлама аясында баспаналы болды.

– 2026 жылға арналған стратегиялық міндет аясында ғылым мен білімді дамытудың Президенттік моделінің тиімділігін дәлелдейтін негізгі өлшем қандай болмақ?

– Келесі жылдағы біздің негізгі мақсатымыз – құрылған инфрақұрылымды тұрақты экономикалық өсімге айналдыру. Әрине, мамандарды даярлау барысында сапаға аса көңіл бөлумен қатар, өзекті оқу бағдарламаларын енгізіп, жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатамыз. Ғылыми мектептердің әлеуетін арттыру үшін аға буын мен жас ғалымдар қауымдастығымен бірлесіп, Шымкент қаласының дамуына қажетті жобаларды жүзеге асырамыз. «Цифрлық университеттер» тұжырымдамасы жалғасын табады. Экожүйелерді құру арқылы нарықта мойындалған маңызды мамандықтар моделіне көшеміз. Жер қойнауын пайдаланушылардың зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға бөлетін 1% аударымын өндіріспен бірлесіп шикізат секторын ғылыми-технологиялық дамуға бағыттаймыз. Бұл мақсатта ERG компаниясымен бірлескен арнайы жобаларымыз бар. Мұндай бастаманы басқа компаниялармен де жалғастырамыз. Біздің басты мұратымыз – жеке гранттық қаржыландыру үлесін 32 пайызға жеткізу.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен –  
**Әнуар ЖҰМАШБАЙ,**  
«Egemen Qazaqstan»